«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
Директорлар кеңесінің
2022 ж. « ___» _____ № ___
шешіміне
№ __ қосымша

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп

№	Корпоративтік басқару қағидаттары	Корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы ақпарат	Корпоратив-тік басқару қағидат-тарына сәйкес келу мәртебесі	Корпоративтік басқару қағидаттарының ішінара сақталуы/сақталмауы туралы түсініктемелер
1. Үкімет қор акционері ретінде				
1.1	Қор мен ұйымдардың негізгі стратегиялық міндеті – Қор мен компаниялардың даму стратегиясында көрсетілген Қор мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуі және тұрақты дамуы. Барлық қабылданатын шешімдер мен әрекеттер даму стратегиясына сәйкес болуы тиіс. Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымын құру қажет. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге ұмтылуы керек. Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Осы нарықта бәсеке болмаған жағдайда немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал ететін жағдайда қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға рұқсат етіледі. Қор ұйымдарында акциялардың бақылау	Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 тамыздағы №134 шешімімен бекітілген. Миссиясы – сапалы және қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылыс тиімділігін арттыру және жобаларды басқару арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру жағдайын жақсарту. Қоғамның стартегиялық мақсаттары – мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау, жылжымайтын мүлікті басқару, компаниялардың құрылысын басқару және жобалау мен құрылыс сатысында үлестерін сенімді басқару. Қоғам өз құзыретіне кіретін, заңнамада, нормативтік құқықтық актілерде, Қоғамның Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен шешімдер қабылдайды. 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №138	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында, ESG әрбір басым саласы үшін нақты өлшенетін мақсаттарды анықтап, стратегияны ESG тұрғысынан қайта қарау мүмкіндігін, стратегиялық мақсаттарды сыни бағалау және талқылау бойынша жыл сайынғы стратегиялық сессияларды өткізу қажеттілігін қарастыру ұсынылады. Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Қоғамның Даму стратегиясын жаңарту бойынша іс-шаралар жоспарлануда. Жыл сайынғы стратегиялық сессияларды

	пакетінің (қатысу үлестерінің) болуы және сақталуы ұсынылады.	шешімімен Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасы бекітілді. Жоғарыда аталған Қоғамның дамуының стратегиялық бағыттарынан басқа, Жол картасы келесі корпоративтік бастамалар бойынша іс-шараларды да қарастырады: «СК Девелопмент» ЖШС тарату, HR стратегиясын әзірлеу, жобаларды басқаруға жобалық және портфельдік тәсілді енгізу, қорландыру стратегиясын және корпоративтік басқару рейтингін арттыру. Жол картасының жүзеге асырылуын бақылауды Директорлар кеңесі жартыжылдық негізде жүзеге асырады (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 09 шілдедегі №160 және 2021 жылғы 05 қазандағы №163 хаттамасы). 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғам «СК Девелопмент» ЖШС 49% қатысу үлесін иеленеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы №165 шешімімен «СК Девелопмент» ЖШС 49% қатысу үлесін соңынан кейінірек мерзімге ауыстыру мүмкіндігісіз 2022 жылдың 1 жартыжылдығына шығаруды аяқтау мерзімімен шығаруға жататын стратегиялық емес активтер тізбесі бекітілді. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 ақпандағы №170 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылымынан Қоғамның «СК Девелопмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 49% үлесін шығару туралы Жол картасы жаңа редакцияда бекітілді.		өткізу іс-шарасы бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында бекітілген.
1.2	Үкімет Қорды және ұйымдарды басқаруға Қордың жалғыз акционерінің «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңда және Қор жарғысында қарастырылған өкілеттіктерін жүзеге асыру және Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету арқылы ғана қатысады. Үкімет пен Қор арасындағы өзара әрекеттесудің негізгі қағидаттары мен мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №1599 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қор арасындағы өзара әрекеттесу туралы келісімде		Қолданылмайды	

	(бұдан әрі – Өзара әрекеттесу туралы келісім) реттеледі. Үкіметке акционер ретінде қатысты осы Кодекстің 4. «Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау» бөлімінің қағидаттары Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.			
1.4	Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ықтимал қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Қорды басқару мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын Қорды басқару кеңесінің (бұдан әрі – ҚБК) отырысында қаралады. ҚБК өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы №1116 Жарлығымен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырады.		Қолданылмайды	
1.5	Үкімет Қорға және Ұйымдарға толық операциялық дербестікті береді және заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік органдардың Қор мен ұйымдардың операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуына жол бермейді. Қор Басқармасы, Қор Басқармасының Төрағасы, Ұйымдар органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда және кез келген әрекеттерді жүзеге асыруда толық дербес және тәуелсіз болып табылады.		Қолданылмайды	
1.6	Үкімет пен Қор, ұйымдар арасындағы қарым-қатынастар (өзара әрекеттесу) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады. Қордың Директорлар кеңесі төрағасының және басқарма төрағасының рөлі мен функциялары		Қолданылмайды	

	Қор құжаттарында нақты шектелген және бекітілген.			
1.7	Қор Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қордың жарғысына, Өзара әрекеттесу туралы келісімге сәйкес акционер ретінде Үкіметке және Қордың Директорлар кеңесіне Қор қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты ашады және Қор мен ұйымдар қызметінің айқындығын қамтамасыз етеді.		Қолданылмайды	
1.8	Қордың немесе ұйымның инвестициялық қызметі Қордың немесе ұйымның стратегиясына сәйкес нарықтық қағидаттармен жүзеге асырылады және активтердің құнын және оңтайлы құрылымын арттыруға бағытталған. Қордың немесе ұйымның тиімділігі төмен және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жағдайлары осындай жобаларды қаржыландыру көздерін көрсете отырып, Қордың немесе ұйымның жылдық есебінде ашылуы тиіс.	Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясында мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау, жылжымайтын мүлікті басқару, құрылысты басқару және жобалау мен құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімді басқару сияқты мақсаттар мен міндеттер қамтылған. Даму стратегиясына сәйкес Қоғам 2021 жылы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың инвестициялық фазасын аяқтады және салынған қаражатты қайтару бойынша қызмет жүргізуді, соның ішінде осы бағдарламалар шеңберінде жалдау төлемдерін бақылауды және жинауды жалғастыруда. Сондай-ақ Қоғам 2019 жылы бастаған компаниялардың құрылысын басқару және жобалау мен құрылыс сатысында үлестерін сенімді басқару қызметін жалғастырады. Жылжымайтын мүлікті басқару қызметі де жалғасатын болады. Аталған қызмет түрлерін кеңейту мақсатында Қоғам 2020-2021 жылдары Бизнес-жоспар аясында жаңа құрылыс жобаларын іске асыруды бастады. Бұл жобаларды қаржыландыру қарыз қаражатын тарту және Қоғамның бөлінбеген кірісін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Инвестициялық қызметті ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдері инвестициялық қызметті реттейтін Қордың Корпоративтік стандарттарында анықталған. Таза кірісті Жалғыз акционердің пайдасына бөлу ресми және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер түрінде жүзеге асырылады.	Ішінара сақталады	Ішкі бақылау жүйесінің 2021 жылға арналған есебіне сәйкес Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) 2018 жылы Қоғамның Даму стратегиясы өзгергеннен кейін, ұйымдық құрылымдағы өзгерістерден кейін бекітілген нормативтік құжаттар негізгі бизнес-үдерістердің барлығында емес екенін атап өтті. Мысалы, бизнес-үдерістерді реттейтін және тиісті бақылау рәсімдерін белгілейтін саясаттар – инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша нормативтік құжаттар жаңартылған жоқ. Осыған орай, ІАҚ Қоғамның негізгі бизнес-үдерістері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу жұмысын, оның ішінде бақылау рәсімдерінің дизайнын аяқтау туралы ұсынымдар берді. Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау шеңберінде қазіргі уақытта Қоғамның Даму

		Қоғамның мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына, сондай-ақ қаржыландыру көздерін көрсете отырып, инфрақұрылым объектілерінің құрылысы бойынша компаниялардың үлестерін сенімді басқару шеңберінде қатысуы Жылдық есептерде ашылады.		стратегиясын жаңарту және инвестициялық қызмет бойынша тиісті нормативтік құжатты әзірлеу жұмысы жүргізілуде.
1.9	Қордың Директорлар кеңесі, Қор басқармасы, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері, корпоративтік хатшы және Қордың Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) өз қызметін 5 «Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі» және 6 «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» бөлімдерінің қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңына қайшы келмейтін бөлігінде жүзеге асырады.		Қолданылмайды	
1.10	Мәселелерді неғұрлым тереңірек және сапалы зерделеу үшін Қордың Директорлар кеңесі жанынан: аудит комитеті, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттер, мамандандырылған комитет құрылады. Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да комитеттер құрылуы мүмкін.		Қолданылмайды	
1.11	Қорда корпоративтік хатшы тағайындалады. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктерінің мерзімін, қызметінің функциялары мен тәртібін айқындайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесу, Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың қызметінің барлық мәселелері және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша кеңесші қызметін атқару, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуын бақылау және Қор мен ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу кіреді.		Қолданылмайды	

1.12	Қор ІАҚ құрады. Қордың Директорлар кеңесі оның сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды және де оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу және сыйақы берудің мөлшері мен талаптарын, сондай-ақ ІАҚ бюджетін белгілейді.		Қолданылмайды	
1.13	Қор басқарма нысанында алқалы атқарушы орган құрады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Қор жарғысында айқындалған өз құзыреті шегінде жүзеге асырады. Қордың Директорлар кеңесі Қор басқармасы қызметінің тиімділігіне, оның ішінде жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.		Қолданылмайды	
1.14	Қор және ұйымдар жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және Қор мен ұйымдардың барлық қызметкерлері мен серіктестерінің осы стандарттарды үнемі қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізуі тиіс. Болжалды бұзушылықтар туралы хабарламаларды тікелей ІАҚ немесе Қордың не ұйымның Директорлар кеңесіне жіберу керек. Атқарушы орган және оның барлық құрылымдық бөлімшелері, соның ішінде қауіпсіздік қызметі, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаларды ІАҚ немесе Директорлар кеңесіне жіберілуіне кедергі жасамауы тиіс.	Қоғамда 2018 жылғы 10 желтоқсанда Қоғамның қызметкерлері, лауазымды тұлғалары мен басшылығы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете алатын құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейтін Әдеп кодексі бекітілді және енгізілді. Әдеп кодексі Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылған. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Әдеп кодексінің ережелерімен және талаптарымен таныстырылды. Бастамашылық хабарлау саясатына сәйкес мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарын бұзуға қатысты тәуекелдерді басқару, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, ЭЫДҰ Сыбайлас жемқорлық және парақорлық жөніндегі нұсқаулығының талаптарын сақтау үшін бастамашылық хабарлау желісі енгізілді. Қоғам қызметкерлерге және басқа да үлестес тұлғаларға өздерінің алаңдаушылықтарын тәуелсіз үшінші тарапқа, оның ішінде құпия немесе, сонымен қатар, жасырын негізде, 24/7 тегін телефон желісі,	Ішінара сақталады	2017 жылғы ақпаннан 2022 жылғы наурызға дейін Қоғамда проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауға жәрдемдесетін омбудсмен функциясының орындалуы болмаған. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №171 шешімімен өкілеттік мерзімі екі жыл омбудсмен тағайындалды. Директорлар кеңесінің сандық құрамына байланысты Қоғамда қазіргі уақытта сондай-ақ Аға тәуелсіз директор жоқ.

		электрондық пошта және интернет арқылы білдіру мүмкіндігін беру үшін сыртқы операторды тарта алады. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес, ықтимал немесе белгілі алаяқтық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы ақпаратты Қоғамға құпиялылықты қамтамасыз ететін келесі байланыс арналары арқылы беруге болады: - «жедел желіге»; - WhatsApp нөміріне; - интернет-порталға; - электрондық поштаға; - Қоғамның заңды мекенжайына. Өтініштерді жіберу әдістері туралы ақпарат Қоғамның интернет-сайтында орналастырылған. 2018 жылы Қоғамда жедел желінің мониторингі мен жұмысына жауапты комплаенс функциясы құрылды. Комплаенс-бақылаушы Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады. 2021 жылы «жедел желіге» және басқа да ресми арналарға келіп түскен өтініштердің, шағымдардың 100% қаралуы белгіленген мерзімде қамтамасыз етілді, өтініштер бойынша ішкі тексерулер жүргізілді, жауаптар жолданды, ақпарат тиісті тұлғалардың назарына жеткізілді, бұзушылық расталған жағдайда Қоғам басшылығына бұзушылыққа жол берген тұлғаларға тиісті шаралар қолдану қажеттігі туралы ақпарат жолданды. Жедел желіге келіп түскен өтініштер бойынша расталған/ішінара расталған фактілер бойынша Директорлар кеңесінің барлық талқылаулары хаттамада көрсетіледі. Қабылданатын шешімдер тәуекелдер тізіліміне енгізілген Қоғам қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері		

		тәуекелінің ықтимал әсерімен ескеріледі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды, Әдеп кодексін білуге компаленс-тренингтер, тестілеу өткізу арқылы Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жұмысы жыл сайын жалғасуда, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері арасында «жедел желі» жұмысының мәселелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының және бекітілген комплаенс саясаттарының сақталуына мониторинг жүргізу тұрақты негізде жүзеге асырылады.		
1.15	Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау және Қор мен ұйымдарда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалады.	Қоғамның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 24 қазандағы №67 шешімімен Қоғам омбудсмені туралы ереже бекітілді. Омбудсмен Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және екі жыл сайын қайта сайлануға жатады. Директорлар кеңесі омбудсменнің қызметін бағалауы және өкілеттіктерін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдауы тиіс.	Сақталмайды	2021 жылы Қоғамда омбудсмен функциясының орындалуы болмаған. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №171 шешімімен өкілеттік мерзімі екі жыл омбудсмен тағайындалды. Сондай-ақ Қоғамда еңбек даулары бойынша тұрақты жұмыс істейтін келісім комиссиясы құрылды. Сонымен қатар Қоғамда әлеуметтік-еңбек даулары бойынша «Nysana» жұмыс істейді. Мінез-құлық қағидалары мен стандарттарын, атап айтқанда Әдеп кодексін бұзуға қатысты Комплаенс-бақылаушы Қоғамның веб-сайтында «жедел желінің» байланыс

				деректерін орналастырды.
2. Қор мен ұйымдардың өзара әрекеттесуі. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі				
2.1	Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесі олардың қызметін тиісті басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құн мен тұрақты дамуды арттыруға бағытталған. Қор ұлттық басқарушы холдинг ретінде өз компанияларына қатысты стратегиялық холдинг рөлін атқарады. Корпоративтік басқарудың негізінде тиімділік, жеделдік және айқындық болуы керек.	Қордың Қоғаммен өзара әрекеттесуі құрылған корпоративтік басқару жүйесі негізінде және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының АҚ 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 42/19 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларымен өзара әрекеттесу саясатына сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ ӨК-мен өзара әрекеттесу саясаты). Осы Саясатқа сәйкес Жалғыз акционердің Қоғаммен өзара әрекеттесуі акционердің функциялары мен құқықтарын Директорлар кеңесі арқылы, оның ішінде оның Директорлар кеңесіндегі өкілдері арқылы және операциялық қызметке араласпай, мақсатты қызмет көрсеткіштері арқылы жүзеге асырылады. Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің бағыттарын айқындайды, Даму стратегиясын және орта мерзімді бизнес-жоспарын бекітеді. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 05 қарашадағы №164 шешімімен Қоғамның 2022-2026 жылдарға арналған Бизнес-жоспары бекітілді. Басқарма Стратегияны, бизнес-жоспарларды іске асыруды және бекітілген стратегиялық ҚНК қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында Қоғамның 2021 жылға арналған Бизнес-жоспарының орындалуы туралы есептер және Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2021-2022 жылдарға арналған жоспарының орындалуы туралы есептер тыңдалады (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №157, 2021 жылғы 09 шілдедегі №160, 2021 жылғы 19 тамыздағы №162, 2020 жылғы 26 қарашадағы №165 хаттамаларынан үзінді көшірме).	Сақталады	

2.2	Қор мен ұйымдарды корпоративтік басқару жүйесі – бұл Қор мен ұйымдардың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығы, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі. Органдардың құзыреті мен шешімдер қабылдау тәртібі жарғыда нақты белгіленіп, бекітілу керек.	Компанияда корпоративтік басқару жүйесі келесілерді қамтамасыз етеді: 1) мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау: атқарушы органның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған барлық мәселелерді атқарушы орган алдын ала қарайды. 2) Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің нақты шектелуі: органдардың құзыреттері, өкілеттіктері мен міндеттері, сондай-ақ шешімдер қабылдау тәртібі Жарғыда, Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережеде нақты айқындалған және бекітілген; Басқарма Төрағасының «Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» бұйрығымен Қоғам Басқармасы мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігінің салалары бөлінді; Қоғамда органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ тиісті лауазымдарға лауазымдық нұсқаулықтар бекітілді. 3) Директорлар кеңесі мен Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпоративтік басқару кодексіне және ішкі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес уақтылы шешімдер қабылдау үшін шаралар қолданады.	Сақталады	

2.3	Қор компанияларды басқаруға акционердің (қатысушының) функцияларын жүзеге асыру арқылы, сондай-ақ компаниялардың жарғыларында және осы Кодексте белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі арқылы қатысады. Қор Директорлар кеңесінің төрағасына және компанияның Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдеріне акционердің алдағы қаржы жылына күтулерін жыл сайын жібереді. Компаниялардың директорлар кеңестері компаниялардың жарғыларында белгіленген өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы компанияның Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдері арқылы хабарланады.	Қор акционердің функцияларын жүзеге асыру арқылы, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында, «Самұрық-Қазына» АҚ қорының портфельдік компанияларымен өзара әрекеттесу саясатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі арқылы Қоғамды басқаруға қатысады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жалғыз акционердің Қоғамның Директорлар кеңесіндегі өкілі Бердіғұлов Е.Қ. болған (Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі №17/21 шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет сайланды). Сонымен бірге, Жалғыз акционер Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер орын алды, олар бойынша Тәжіғалиев М.У. (Директорлар кеңесінің Төрағасы), Қорабаев Е.Қ. (Директорлар кеңесінің мүшесі) Жалғыз акционердің өкілдері болып сайланды. Директорлар кеңесі Жарғыда белгіленген өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие. Жекелеген мәселелер бойынша Қордың ұстанымы Директорлар кеңесіндегі Жалғыз акционердің өкілдері арқылы хабарланады.	Сақталады	
2.4	Қор компаниялармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, компаниялар үшін бірыңғай саясаттарды қалыптастырады, ұйымдар үшін әдістемелік ұсыныстар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді. Қор бекіткен ішкі аудит және ішкі бақылау жүйесі саласындағы корпоративтік стандарттарды ұйымда қолдану туралы шешімді ұйымның Директорлар кеңесі осы стандарттарды ұйым қызметінің ерекшеліктеріне сәйкестігін ескере отырып	Қор компаниялармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту арқылы компаниялар үшін бірыңғай саясатты, сондай-ақ функционалдық бағыттардағы толассыз үдерістерді қалыптастырады.	Сақталады	

	қабылдайды.			
2.5	Қордың және Компаниялардың атқарушы органдары Қоғамның Директорлар кеңестеріне бекітуге жіберілген Компаниялардың Даму жоспарларының жеткілікті өршілдігін және шынайылығын, сондай-ақ олардың Қордың стратегиясына және Даму жоспарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ынтымақтастық рухында өзара әрекеттесуі тиіс.	Қордың Стратегиялық және бизнес-жоспарлауының корпоративтік стандартына сәйкес, Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылатын Қоғамның Даму стратегиясы мен Бизнес-жоспарының жобалары Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдеріне ұсынымдар әзірлеу үшін Қордың даму стратегиясында көзделген негізгі стратегиялық мақсаттар мен бастамаларға Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен бастамаларының сәйкестігін талдау үшін Қордың Инвестициялық- стратегиялық комитетінде қаралады. Қоғам даму стратегиясын іске асыру, оның ішінде ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау, тәуекелдерді басқару, инвестициялық қызмет, персоналды басқару және т.б. мәселелер бойынша Қормен тұрақты өзара әрекеттесуді сақтайды. Сондай-ақ, Қорға тұрақты негізде басқарушылық және қаржылық есептіліктер беріледі.	Сақталады	
2.6	Таза кірісті акционер ретінде Қор пайдасына бөлу ресми және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер түрінде жүзеге асырылады.	Қоғам еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтік саясатын басшылыққа алады.	Сақталады	
2.7	Ұйымдарды басқаруды ұйымның жарғысында айқындалған құзыреттерге және тәртіпке сәйкес ұйымдардың органдары жүзеге асырады. Бұл қағидат бірнеше акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдарға да қолданылады.	Қоғам органдарының құзыреті Жарғымен, Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелермен айқындалады.	Сақталады	
2.8	Қор, ұйымдар және олардың лауазымды тұлғалары Қор мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуы үшін, сондай-ақ, тиісінше, қабылданған шешімдер мен әрекеттер/әрекетсіздіктер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жауапты болады. Қор мен ұйымдардың, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі	Басқарма туралы ережеге сәйкес Басқарма мүшелері Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуына жауапты. Қоғамның ҚНК қол жеткізуді бағалау нәтижелері Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшеріне, көтермелеуіне, қайта сайлануына (тағайындалуына) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылуына әсер етеді. Басшы қызметкерлерге арналған уәждемелік ҚНК Қоғамның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы ҚНК картасы	Сақталады	

	элементі - ҚНК жүйесі. Қор Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы компанияларға өзінің ҚНК бойынша үміттерін жолдайды. Компанияның ҚНК тізімі мен мақсатты мәндерін компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. ҚНК қол жеткізу мақсатында компаниялар тиісті даму жоспарларын әзірлейді. Бекітілген даму жоспарымен салыстырылған Қордың және ұйымдардың ҚНК қол жеткізуі жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл бағалау атқарушы органдардың басшысы мен мүшелеріне сыйақы беруге әсер етеді, олар қайта сайланған кезде ескеріледі, сондай-ақ оларды қызметінен мерзімінен бұрын босатуға негіз бола алады.	түрінде әзірленеді. Оның шеңберінде Қоғам негізгі қағидаттарды қолданатын Қордың адам ресурстарын басқарудың корпоративтік стандартына сәйкес, бағалау түріне байланысты әртүрлі басқарушылық шешімдер қабылдануы мүмкін, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартын бұзу мүмкіндігі бар. Қызметті бағалау басшы қызметкерлерге де қатысты.		
2.9	Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі оның тобына кіретін барлық заңды тұлғаларда басқарудың тиімділігін, ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Холдингтік компаниялар тобын тиімді басқарудың нәтижелері операциялық тиімділікті арттыру, есеп беру сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен әдеп стандарттарын жақсарту, ашықтық пен айқындықты арттыру, тәуекелдерді азайту, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі болуы керек.		Қолданылмайды	
3. Тұрақты даму				

3.1	Қор және ұйымдар өздерінің экономикаға, экологияға және қоғамға тигізетін әсерінің маңыздылығын сезінеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуі керек. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара әрекеттесу тәсілі Қор мен ұйымдардың тұрақты дамуына ықпал етеді.	Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға әсер етеді немесе олардың әсер еткенін көреді. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі (Жарғы, Ақпаратты ашу туралы ереже, Тұрақты даму саясаты, Стейкхолдерлер картасы және т.б.). Қоғамда 2017 жылдың ортасынан бастап Басқарма жанындағы Тұрақты даму комитеті жұмыс істейді, оның негізгі функциялары Қоғамда тұрақты даму жүйесін енгізу бойынша іс-шараларды қалыптастыру болып табылады. Қоғам әсер ету мүмкіндігі мен қызығушылық дәрежесі көрсетілген мүдделі тараптардың тізбесі анықталған Стейкхолдерлер картасын өзектілігі жағынан жыл сайын қайта қарайды. Қоғамның жаңартылған Стейкхолдерлер картасы Тұрақты даму комитетінің 27.10.2021 №01/2021 шешімімен мақұлданған, Қоғам Басқармасының 29.10.2021 жылғы №30/2021 шешімімен бекітілген. Стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптардың тізбесін, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу әдістері мен тәртібін қамтиды. 2022 жылдың бірінші тоқсанында Қоғамның мүдделі тараптары арасында ақпаратты ашудың маңызды аспектілері бойынша сауалнама жүргізілді, оның нәтижесінде Тұрақты даму комитетінің шешімімен бекітілген маңызды аспектілердің материялылық матрицасы әзірленді (10.03.2022 ж. №01/2022 хаттама). Сауалнама нәтижелері 2021 жылдың нәтижелеріне арналған жылдық есепте ашу үшін маңызды тақырыптарды қалыптастыру кезінде ескерілді.	Ішінара сақталады	Тұрақты даму жүйесі Стратегияның, бизнес-үдерістердің, нормативтік құжаттардың жаңартылуына, жауапты құрылымдық бөлімшелер мен жетекшілік ететін басшылардың тағайындалуына байланысты қалыптасу сатысында тұр. Сондай-ақ, корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші ESG әрбір басым саласы үшін нақты өлшенетін мақсаттарды анықтап, ESG тұрғысынан стратегияны қайта қарау мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Бекітілген корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспары аясында тұрақты даму көрсеткіштерін қоса отырып, стратегияны бекіту үшін жоғарыда аталған іс-шара жоспарланды.
3.2	Қор мен ұйымдар ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өздерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келістілігін қамтамасыз етуі тиіс, оның ішінде акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның өсуі де бар. Қор мен ұйымдағы тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады:	Қоғамның стратегиялық мақсаттары Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 тамыздағы №134 шешімімен бекітілген 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген. Қоғамның негізгі миссиясы – сапалы және қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылыс тиімділігін арттыру	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші халықаралық өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (ЕҚ

	экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.	және жобаларды басқару арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру жағдайын жақсарту. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 07 желтоқсандағы №128 шешімімен бекітілген Қоғамның Тұрақты даму саясатында Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Аталған Саясат сонымен қатар Қоғамның қоршаған ортаны қорғау және еңбекті қорғау жөніндегі мақсаттары мен міндеттерін қамтиды.		және ҚТ) бойынша жеке саясатты, ЕҚ және ҚТ басқарудың корпоративтік жүйесін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру бойынша ұсынымдар берді. Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында Экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саясатын бекітуді жоспарланды.
3.3.	Қор мен Ұйымдар осы үш аспект бойынша өз қызметі мен тәуекелдерін талдауы, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің Мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға тырысуы тиіс.	Қоғам жыл сайын тұрақты даму саласындағы өз қызметіне талдау жасайды. 2021 жылы бұл есеп Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №157 шешімімен 2020 жылға арналған Жылдық есептің құрамында бекітілді. Есепте Қоғамның экономикалық және әлеуметтік негізгі аспектілері бойынша әсер ету талдауының нәтижелері қамтылған. Тұрақты даму саласындағы тәуекел факторлары жыл сайын тәуекелдер тізіліміне енгізіледі, тәуекелдердің факторлары, ықтималдығы, маңыздылығы және оларды барынша азайту іс-шаралары жаңартылып отырады. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2021 жылға арналған тәуекелдер тізілімінде «Корпоративтік басқару рейтингінің жоспарланған деңгейіне жетпеу» тәуекелінің «Жауапты құрылымдық бөлімшелердің тұрақты даму саласындағы шараларды орындамауы немесе оларды сапасыз/уақтылы емес орындауы» факторы бар. Тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп шеңберінде Қоғам қызметінің экономикалық және әлеуметтік салаларындағы тәуекелдерге талдау жүргізіледі. Келесі тәуекелдер бағаланды: - сараптама органдарының оң қорытындысын уақтылы алмау, құрылыс объектілерін уақтылы	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Компанияның салалық теріс әсерлері мен тәуекелдерін, сондай-ақ ЕҚ және ҚТ саласындағы саясатты тиісті түрде халықаралық стандарттарға (ISO 10018, OHSAS 18000) сәйкес жаңарту үшін мүдделі тараптардың пікірлерін талдау бойынша ұсынымдар берді. Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына теріс әсер етуі мүмкін қауіпті оқиғалардың тәуекелдерін жүйелі түрде бағалау іс-шарасы қарастырылған.

		пайдалануға бермеу, құрылыс салушылардың міндеттемелерді орындамау тәуекелдері, пандемия салдарынан Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілгенінен байланысты жалға алушылардың төлем қабілеттілігінің нашарлауы себебінен және осы кезеңдегі жалдау төлемдерінің 2021 жылдың 31 наурызына дейін өтеледі деген талаппен 2020 жылдың 16 наурызы мен 17 тамызы аралығындағы кезеңге сатып алумен бұрын жасалған жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдерін төлеуді кейінге қалдыру ұсынылуы себебінен жалдау төлемдерін уақтылы емес алу/алмау, КВИ жұқтыру қаупі. Компания жоғарыда аталған тәуекелдерді, оның ішінде берешекті өндіріп алу мәселелерін соттан тыс/сот тәртібімен реттеу бойынша жалға алушылармен жұмыс жасау сияқты тәуекелдерді басқару бойынша жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыру арқылы барынша азайту үшін тиісті шаралар қабылдады. Қоғамда қызметкерлер ПТР әдісімен тестілеуге жіберіледі, оң нәтиже көрсеткен қызметкерлер еңбекке жарамсыздық парағын алды. Қызметкерлерге вакциналау мүмкіндігі туралы хабарланады. Басқармада, Директорлар кеңесінде мәселелерді қарау кезінде шешімдер қабылдау және қабылдамау тәуекелдерін талдау, әлеуметтік-экономикалық салдарларды, қаржылық және құқықтық салдарларды бағалау жүргізіледі.		
3.4	Тұрақты даму саласындағы қағидаттар – ашықтық, есеп берушілік, айқындылық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке бастық үлгі.	Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы № 128 шешімімен бекітілген Тұрақты даму саясатына сәйкес, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мойындай отырып, Қоғам өз қызметінде Қоғамның жылдық есебінде ашылатын, бекітілген қағидаттарды ұстанатынын мәлімдейді.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші ESG қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты толық ашу мүмкіндігін қарастыру және өткен жылдың фактілерімен салыстырғанда ESG ҚНК жетістіктері туралы есептілік беру бойынша ұсынымдар

				берді. Аталған іс-шара Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында бекітілген. GRI стандарттарына сәйкес маңызды тақырыптарды кейіннен ашу мақсатында оларды анықтау үшін мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізуге көңіл бөлу керек.
3.5	Қор мен ұйымда келесі элементтерді қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі болуы керек: 1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына берілгендік; 2) ішкі және сыртқы жағдайды үш құрамдас бөлікте талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер); 3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты дамудағы тәуекелдерді анықтау; 4) мүдделі тараптар картасын құру; 5) тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНК айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу; 6) тұрақты дамуды негізгі үдерістерге, оның ішінде тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет және басқалар, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешімдер қабылдау үдерістеріне біріктіру; 7) тұрақты даму саласында лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру; 8) тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың тұрақты мониторингі мен бағалауы, мақсаттарға және ҚНК қол жеткізуді бағалау, түзетуші шараларды қабылдау, үздіксіз жетілдіру	1) Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Басқарма туралы ережеде Қоғамның басқару органдарының тұрақты даму саласындағы құзыреті бекітілген. Басқарма төрағасы Басқарма мүшелері арасында функцияларды бөлу, оның ішінде тұрақты даму бойынша функционалдық міндеттерді бөлу туралы бұйрықты бекітті. 2) Үш құрамдас бөлік (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша жағдайды талдауды қамтитын GRI нұсқаулығына сәйкес Қоғамның жылдық есебінің құрамына кіретін тұрақты даму саласындағы есеп жыл сайынғы негізде дайындалады. 3) Тұрақты даму саласындағы тәуекел факторлары Директорлар кеңесінің 09.11.2020 жылғы №154 шешімімен бекітілген 2021 жылға арналған тәуекелдер тізіліміне енгізілген. 4) Қоғамның Стейхолдерлер картасы Қоғам Басқармасының 29.10.2021 жылғы №30/2021 шешімімен бекітілді. 5) Тұрақты даму саласындағы мақсаттар Директорлар кеңесінің 07.12.2017 жылғы №128 шешімімен бекітілген Тұрақты даму саясатында айқындалған. Тұрақты даму қағидаттарын енгізу жөніндегі іс-	Ішінара сақталады	Жүргізілген корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші келесі ұсынымдар берді: - ESG әрбір басым саласы үшін нақты өлшенетін мақсаттарды анықтап, ESG тұрғысынан стратегияны қайта қарау мүмкіндігін қарастыру; - нақты және өлшенетін стратегиялық ESG ҚНК анықталғаннан кейін басшылыққа арналған ҚНК стратегиямен келісу мүмкіндігін қарастыру; - Компанияның тәуекелдер тізіліміне экологиялық/климаттық тәуекелдерді енгізу мүмкіндігін қарастыру және осы тәуекелдерді басқару бойынша тиісті іс-шаралардың енгізілуін қамтамасыз ету; - кадрлық саясатты оған әлеуметтік тұрақтылық рейтингін енгізу және

	мәдениетін енгізу.	шаралар жоспары Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2021-2022 жылдарға арналған жоспарында көрсетілген, онда жауапты құрылымдық бөлімшелер мен іс-шараларға қатысушылар да белгіленген. 6) Тұрақты дамуды негізгі бизнес-үдерістерге біріктіру талаптары Тұрақты даму саясатына енгізілген. Тұрақты даму қағидаттары негізгі үдерістерге біріктірілген: тәуекелдерді басқару (тәуекелдер тізілімінде тұрақты даму саласындағы тәуекел факторлары бар), жоспарлау (тұрақты даму саласындағы ҚНК), адам ресурстарын басқару (әлеуметтік саясатты жүзеге асыру), инвестициялар (жайлы тұрғын үйлердің қолжетімділігін арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын, басқарудағы құрылыс объектілерін дамыту жобаларын жүзеге асыру), GRI нұсқаулығына сәйкес тұрақты даму саласындағы есептілік, операциялық қызмет (құрылыс объектілерінде жаңа жұмыс орындарын құру және т.б.).), даму стратегиясы (стратегиялық ҚНК). 2018 жылдан бастап Қоғамда комплаенс-бақылаушы қызметі құрылды және комплаенс-бақылаушының штаттық бірлігі енгізілді. Мүдделі тараптардың өтініштері мен шағымдарына мониторинг жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. 8) Тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың мониторингі мен бағалауы Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының және Қоғамның жыл сайынғы Жылдық есебінің орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептер шеңберінде жүзеге асырылады. Бизнес-жоспардың орындалуы туралы есептер шеңберінде ҚНК қол жеткізуді бағалау және басшы қызметкерлердің ҚНК бағалауы. Осы салада 6 ҚНК анықталды, айта кету керек, төменде аталған ҚНК 2021 жылы басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін Директорлар кеңесімен бекітілген: Еркін ақша ағыны; Тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату; NAV; Жұмыс уақытын		басшылықтың тиісті ҚНК енгізу үшін қайта қарау мүмкіндігін қарастыру. - салалық сертификаттардың (мысалы, GRI, OHSAS және т.б.) және тиісті жұмыс тәжірибесінің болуына баса назар аудара отырып, тұрақты дамуға жауапты қазіргі және болашақ қызметкерлердің құзыреттеріне қойылатын талаптарды күшейту ұсынылады. Аталған іс-шаралар Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында бекітілді. Кадрлық саясатты қайта қарау Қоғамның Даму стратегиясын жаңартқаннан кейін жоспарланады.

		жоғалтумен жарақаттар коэффициентінің төмендеуі (LTIF); Жобалар бойынша инвестициялар мен маржаның қайтарылуы; 2022 жылға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іс-шараларының орындалу дәрежесі. «Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар коэффициентінің төмендеуі (LTIF)» корпоративтік ҚНК объекттерде, соның ішінде осы тәуекелдер бар құрылыс алаңдары мен пайдалану объектілерінде, тоқтап қалуды барынша азайту және қауіпсіз жұмыс пен оқыс оқиғаларды барынша азайту үшін қажетті жағдайларды жасау үшін белгіленген.		
3.6	Қызметтік, коммерциялық құпияны және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді ескере отырып, мүдделі тараптар үшін өз қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қор және компаниялар тұрақты даму саласындағы есептерді жыл сайын жариялайды. Тұрақты даму саласындағы есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді.	Тұрақты даму жөніндегі есеп GRI нұсқаулығына сәйкес Директорлар кеңесінің 21.04.2020 ж. № 157 шешімімен 2020 жылға арналған жылдық есептің құрамында бекітілген және веб-сайтта орналастырылған (сайтқа сілтеме: https://skcn.kz/ru/news/otchety-ob-ustoychivom-razvitii). Қоғамның интернет-ресурсында «Тұрақты даму» жеке бөлімі бар, оған тұрақты дамудың негізгі аспектілерінің бөлікшелері кіреді.	Сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші қаржылық емес ақпаратты дайындауға бақылауды күшейту, ESG нақты мақсаттары мен қабылданған шараларды ашу, сондай-ақ экологиялық мәселелер мен парниктік газдар шығарындылары туралы толығырақ ақпаратты ашу және сыртқы инвестициялар тартылған жағдайда жылдық есепте ESG ақпаратты ашудың тәуелсіз растауын алу мүмкіндігін қарау бойынша ұсынымдар берді. Бұл іс-шаралар бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында тіркелді.
3.7	Қор және ұйымдар серіктестермен өзара қатынаста тұрақты даму қағидаттарын қабылдау және сақтау бойынша шаралар қабылдауы қажет.	1) Қоғам серіктестермен қарым-қатынасында тұрақты даму қағидаттарын сақтауға ұмтылады. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу талаптары мен қағидаттары Тұрақты даму саясатында бекітілген.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші Компанияның әлеуметтік

		2) Қоғамның құрылыс салушылармен шарттарында қаржылық қаражатты мақсатсыз пайдалануға, құрылыс жұмыстарын сапасыз орындауға, анықталған кемшіліктердің жойылмағанына, құрылыс салушының лауазымды тұлғаларына қылмыстық іс қозғалуына және т.б. байланысты бұзу жағдайлары қарастырылған.		жауапкершілікке қойылатын талаптарына және ESG қағидаттарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді бағалау жүйесін әзірлеу мәселесін қарастыру бойынша ұсынымдар берді. Жеткізушілермен өзара әрекеттесудің тиімді жүйесін әзірлеу және жеткізушілермен өзара әрекеттесу туралы жылдық есептерді жасау мүмкіндігін қарастырған жөн. Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарының шеңберінде жеткізушілердің сапасын бағалау үдерісін жақсарту үшін тәуекелдерді бағалаудың кешенді жүйесін құру бойынша іс-шара қарастырылған. Ескерілуі мүмкін ықтимал тәуекелдер операциялық, клиенттік және қаржылық ақпараттың ұқыптылығы мен сенімділігін; қауіпсіздіктің әртүрлі бұзушылықтарын, бизнес-үдерістердің тиімділігін; құқықтық және нормативтік талаптарды сақтауды қамтиды.
4. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау				
4.1	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау Қорға және ұйымдарға инвестиция тартудың негізгі шарты болып	«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады. Акционердің құқықтарны жүзеге асыру ҚР заңнамасына, Жарғыға сәйкес жасалады.	Сақталады	

	табылады. Ұйым акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Егер ұйымда бірнеше акционер (қатысушы) болса, олардың әрқайсысына әділ қарау қамтамасыз етілуі тиіс.			
4.2	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары, міндеттері мен құзыреттері қолданыстағы заңнамаға, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның жарғысында және ішкі құжаттарында ақпаратты ашу саласында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алу; акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысу және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша дауыс беру; Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі мен атқарушы органының) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы беру мөлшері мен талаптарынанықтауға қатысу; анық және айқын дивидендтік саясат негізінде акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен айқындалған мөлшерде және мерзімде дивидендтер алу кіреді, бірақ олармен шектелмейді.	Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қоғамның Жарғысында бекітілген. Қоғамның Жарғысына және Ақпаратты ашу тәртібіне, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына сәйкес акционер қажетті ақпаратты алады, оның ішінде жылдық есеп, интернет-сайт, ақпараттық материалдар, брифингтер, сұрау салу, т.б. арқылы. Жалғыз акционердің Қоғаммен өзара әрекеттесуі «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларымен өзара әрекеттесу саясатымен реттеледі. Жалғыз акционердің Қоғаммен өзара әрекеттесуі акционердің функциялары мен құқықтарын Директорлар кеңесі арқылы, оның ішінде Директорлар кеңесіндегі өкілдері арқылы жүзеге асырумен қызметтің мақсатты көрсеткіштерін белгілеумен, операциялық қызметке араласпай жасалады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Ұйым жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және олар жазбаша түрде рәсімделуге тиісті. Тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі, сондай-ақ сыйақы беру және шығыстарды өтеу тәртібі мен талаптары «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидаларымен реттеледі. Қоғамның таза пайдасын бөлу және дивидендтер төлеу еншілес ұйымдарға қатысты Қор бекіткен дивидендтік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.	Сақталады	
4.3	Ұйымда миноритарлық акционерлерді (қатысушыларды) қоса алғанда, бірнеше		Қолданылмайды	

	акционерлер (қатысушылар) болған жағдайда, корпоративтік басқару жүйесі барлық акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарарауды және олардың құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс, бұл ұйымның жарғысында бекітілуі керек.			
5. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі				
5.1	Директорлар кеңесі – акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымды стратегиялық басқаруды және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жасайды және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.	Қоғамның Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес Директорлар кеңесі оның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Басқарма туралы ережеге сәйкес, Басқарма Қоғамның Жарғысына сәйкес құрылған және Қоғамның ағымдағы қызметін басқаратын, Директорлар кеңесіне есеп беретін алқалы атқарушы орган болып табылады. Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады. Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге және Қоғам үшін тәуекелдер мен қолайсыз салдарларға баға бере отырып, тұрақты даму қағидаттарына негізделген шешімдер қабылдауға міндетті.	Сақталады	
5.2	Директорлар кеңесіне Ұйымды басқару және Атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілуі тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын жарғыға сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады: 1) даму стратегиясын (бағыттары мен нәтижелерін) айқындау; 2) даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштерін белгілеу және бақылау; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	Бұл функциялар Қоғамның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ережесінде бекітілген және іс жүзінде орындалады.	Ішінара сақталады	Басқарма Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің Басқарма құрамын сайлауына қойылатын талаптар Қоғамның Жарғысында бекітілген. Жалғыз акционердің 2018 жылғы 16 қарашадағы №34/18 шешімімен Қоғам Жарғысына компаниялардың бірінші басшысын тағайындау құзыретін Директорлар кеңесінен Жалғыз

	жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау; 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобалардың және басқа да негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын келісу және бақылау; 5) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлау, сыйақы беру, мұрагерлікті жоспарлау және олардың қызметін қадағалау; 6) корпоративтік басқару және әдеп; 7) ұйымда осы Кодекстің және Қордың іскерлік әдеп саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік әдеп кодексі) ережелерін сақтау			акционердің құзыретіне табыстау бөлігінде өзгеріс енгізілді.
5.3	Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде атқарып, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлердің алдында есеп береді. Бұл есеп беру акционерлердің жалпы жиналысының механизмі арқылы жүзеге асырылады.	Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің міндеті сонымен қатар Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау, сондай-ақ Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуының артуына ықпал ету, Қоғамның мүддесі үшін әрекет ету және тұрақты даму қағидаттарына негізделген шешімдер қабылдау болып табылады. Директорлар кеңесі Қоғамның есепті кезеңдегі Жылдық есебінің шеңберінде ақпарат беру арқылы өз қызметі туралы жыл сайын есеп береді.	Сақталады	
5.4	Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарау мен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, адал және тиімді шешімдер қабылдануын қамтамасыз ету үшін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы керек.	Бұл функция Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінде бекітілген. ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне жатады. Осыған	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің комитеттері Жалғыз акционердің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №27/18 Директорлар кеңесінің құрамын 3 (үш) адам санында қысқарту туралы шешіміне дейін әрекет етті. Қазіргі уақытта кворум

		байланысты Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес портфельдік компаниялардың Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру бойынша барлық қажетті рәсімдерді жүзеге асырады.		болмағандықтан комитеттер өткізілмейді. Корпоративтік басқаруды диагностикалау шеңберінде 2021 жылы тәуелсіз кеңесші Директорлар кеңесінің қазіргі құрамы және комитеттердің болмауы Қоғамның ағымдағы қызметіне және жария орналастыру ниеттерінің жоқтығына сәйкес келеді деп есептелетінін атап өтті. Қорға Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе Қоғамды Қордың ірі портфельдік компаниялары үшін белгіленген Кодекс ережелерін сақтау міндеттемесінен босату мүмкіндігін қарастырған жөн.
5.5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке бастық ерекшеліктер және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті санда тәуелсіз директорлар кіру керек. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды.	Есепті кезеңнің соңында Қоғамның Директорлар кеңесі 3 мүшеден тұрды: Директорлар кеңесінің Төрағасы, Басқарма Төрағасы және тәуелсіз директор. Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесі кемінде үш мүшеден тұрады. Іс жүзінде Директорлар кеңесінің құрамы 3 мүшеден тұрады.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің құрамында гендерлік белгі бойынша әртүрлілік жоқ. Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші гендерлік белгі бойынша теңгерімділік Директорлар кеңесіне артықшылықтар қосатынын атап өтті.
5.6	Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның бүкіл құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың	Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидаларында реттелген. 2021 жылы ДК құрамында келесі өзгерістер орын алды: 1) Жалғыз акционер кеңесінің 2021 жылғы 26	Ішінара сақталады	Жүргізілген корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында 2021 жылы тәуелсіз кеңесші 2021 жылдың сәуірінен бастап директорлардың жиі ауысуына байланысты Директорлар кеңесі

	ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі.	сәуірдегі № 17/21 шешімімен: - қазіргі Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасының, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Е.Б. Жанаділдің, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі А.Қ. Мұратбаевтың және тәуелсіз директор Д.В. Ларионовтың. - Директорлар кеңесі үш мүше санында үш жыл өкілеттік мерзіміне: Айтенов М.Д. - «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды, Бердіғұлов Е.Қ. - «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды , Тұрлыбеков Н.С. - тәуелсіз директор болып сайланды. 2) Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы №36/21 шешімімен: - «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі А.А. Айтеновтың және тәуелсіз директор Н.С. Тұрлыбековтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. - Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешімімен белгіленген Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Бердіғұлов Е.Қ. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Сандықбаев Б.А. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, Аманжолов А.А. тәуелсіз директор болып сайланды. Директорлар кеңесінің құрамында Үкімет мүшелері		мүшелерінің өкілеттіктерінің қысқа мерзімді ұзақтығын атап өтті. Бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспары шеңберінде Директорлар кеңесі қызметінің үздіксіздігін сақтау және құрамын ілгерішіл жаңарту үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарын әзірлеу жоспарланады.

		мен мемлекеттік қызметшілер жоқ. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізген жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесіне қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор қатарынан тоғыз жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және бұл фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне ықпал етуін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын өткізілуі тиіс. Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдерді қабылдауға қатыспауы керек.		
5.7	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кіргізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді.	Қоғамда Лауазымға енгізу саясаты әрекет етеді. 2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістерге байланысты корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бойынша іс-шара өткізді.	Сақталады	
5.8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жалпы басшылығына жауап береді, Директорлар кеңесінің оның негізгі	Бұл талаптар Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген.	Сақталады	

	функцияларын толық және тиімді жүзеге асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен атқарушы орган арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.			
5.9	Директорлар кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары ұйымның жарғысында, Директорлар кеңесі және атқарушы орган туралы ережелерде нақты шектелуі және бекітілуі тиіс.	Директорлар кеңесі Төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Басқарма туралы ережеде нақты ажыратылған.	Сақталады	
5.10	Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру деңгейі ұйымды табысты басқару үшін қажетті деңгейде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін жеткілікті болуы керек. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақыны белгілеу Қор әзірлеген әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесіне қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң нәтиже ескерілуі тиіс. Бірнеше акционері бар ұйымдарда Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы берудің тиісті ережелері Қордың әдістемесі негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлердің сыйақыларының мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді.	Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның тәуелсіз директорларына өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі функцияларды орындауға байланысты шығыстары өтелуі мүмкін. үшін. Тәуелсіз директорларға берілетін сыйақыға опциондар немесе Қоғам қызметінің нәтижелеріне қатысты басқа да элементтер кірмеуі керек. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және (немесе) шығыстарын өтеу тәртібі мен мөлшерлері «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидаларына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.	Сақталады	
5.11	Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарастыруға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Қор мен ұйымдардың тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алу, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерін тағайындау және оларға сыйақы беру, тұрақты даму, Директорлар кеңесі ережелерін дұрыс және тиімді қолдану сияқты салаларда ықпал етеді. оның ішінде еңбекті	Директорлар кеңесінің қызметін қолдау мақсатында Қоғамда келесі комитеттер құрылды, олардың міндеттеріне өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде мәселелерді қарау және белгілі бір мәселе бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді: Аудит комитеті; Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет; Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер туралы ережелерге сәйкес комитеттердің әрқайсысы	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің комитеттері Жалғыз акционердің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №27/18 Директорлар кеңесінің құрамын 3 (үш) адам санында қысқарту туралы шешіміне дейін әрекет етті. Қазіргі уақытта кворум болмағандықтан комитеттер

	қорғау және еңбек пен қоршаған ортаның қауіпсіздігі деген бағыттар бойынша. Комитеттердің бар болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.	жасалған жұмысы туралы есепті Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде береді. 2021 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің санының өзгеруіне байланысты Комитеттердің отырыстары өткізілмеді.		өткізілмейді.
5.12	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша тиімділігіне ықпал етуі тиіс. Өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізуі керек.	Бұл талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты түрде отырыстар өткізеді. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басына дейін бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырыстары бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізіледі, бұл ретте сырттай дауыс беру арқылы отырыстар саны барынша азайтылады. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру арқылы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырыстарының екі нысаны да біріктіріледі. Директорлар кеңесінің отырыстарын талқылау нәтижелері мен қабылданған шешімдерді толық көрсете отырып, корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен хаттамалайды. 2021 жылы Қоғам Директорлар кеңесінің 12 бетпе-бет отырысы өткізілді (№156–167 отырыстар). Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 111 мәселе қаралды. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген мерзімде, атап айтқанда, отырысқа дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірілмей, ал ерекше маңызды мәселелер бойынша отырысқа дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылды. Қажетті материалдар белгіленген мерзімде ұсынылмаған және (немесе) тиісті түрінде ұсынылмаған жағдайда,	Сақталады	

		мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді. Қоғамның қызметіне әсер ететін қандай да бір мәселелерді шұғыл шешу қажет болған жағдайда, қажетті материалдармен ескерту жіберу мерзімі Директорлар кеңесі Төрағасының шешімімен қысқартылуы мүмкін, бұл іс жүзінде жүзеге асырылады және хаттамаларда тіркеледі..		
5.13	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл үдеріс Қордың әдістемесіне сәйкес болуы керек. Бұл ретте, кемінде үш жылда бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.	Қоғам Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау үдерісін сақтайды. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 27 ақпандағы №130 шешімімен бекітілген, 2019 жылғы 08 қарашадағы №149 өзгерістері мен толықтыруларымен, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады Осы Саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі бағалауды кеңесшіні тарта отырып, сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы немесе аралас тәсілді пайдалана отырып жүргізе алады: үдерісті кеңесші үйлестіре отырып, өз күшімен. Жалғыз акционер де өз бағасын дербес немесе Кеңесшінің қатысуымен жүргізе алады. Тәуелсіз бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Бұл ретте, егер есепті кезеңде Қоғамда тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілсе, үдерістердің қайталануын болдырмау мақсатында сол есепті кезең үшін бөлек бағалау жүргізудің қажеті жоқ. 2021 жылы Жалғыз акционер ұқсас халықаралық ұйымдарға қарай корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру мақсатында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз кеңесшілерінің күшімен Қоғамдағы корпоративтік басқарудың сыртқы диагностикасын жүргізді. Сыртқы кеңесшінің бағалауды аяқтауы нәтижесінде	Сақталады	

		одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.		
5.14	Бағалау директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ жақсарту үшін бағыттар анықтауға және шаралар ұсынуға мүмкіндік беруі керек. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде ескеріледі.	Қоғамның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына сәйкес, бағалау нәтижелері бағалау кезінде ескерілетін ережелер іске асырылуда. Директорлар кеңесі мүшелерінің қайта сайлануы немесе өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы кезінде назарға алынады деген ережелер жүзеге асырылады.	Сақталады	
5.15	Директорлар кеңесінің қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара әрекеттесуін тиімді ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды.	Бұл талаптар Жарғыда, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Корпоративтік хатшы туралы ережеде бекітілген. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және компанияның атқарушы органына тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауына жәрдемдесу, Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың қызметінің барлық мәселелері және Кодекстің ережелерін орындау бойынша кеңесші қызметін атқару, сондай-ақ осы Кодекстің орындалуын бақылау және Қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу кіреді. Корпоративтік хатшы сонымен қатар Қоғамның жылдық есебіне енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындайды..	Сақталады	
5.16	Компанияларда алқалы атқарушы орган құрылады, ал басқа ұйымдарда, сондай-ақ компания – бірлескен серіктестік құрылған жағдайында ол акционерлердің (қатысушылардың) қалауы бойынша алқалы немесе жеке болуы мүмкін. Атқарушы органның басшысы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке бастық қасиеттерге, сонымен қатар мінсіз іскерлік беделге ие болуы және жоғары әдеп	Қоғам Жарғысының 39-тармағына сәйкес, ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның атқарушы органы – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма туралы ережеге сәйкес Басқарманың санын Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді, бірақ ол үш адамнан кем болмауы керек. Басқарма мүшелерінің функциялары мен міндеттері Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу, лауазымдарды сипаттау	Сақталады	

	нормаларын ұстануы тиіс.	туралы бұйрықпен айқындалады.		
5.17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, стратегияның, даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің орындалуына жауап береді.	Басқарма туралы ережеге сәйкес, Басқарма Қоғамның Жарғысына сәйкес құрылған және Қоғамның ағымдағы қызметін басқаратын Директорлар кеңесіне есеп беретін алқалы атқарушы орган болып табылады. Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады. Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге және Қоғам үшін тәуекелдер мен қолайсыз салдарларға баға бере отырып, тұрақты даму қағидаттарына негізделген шешімдер қабылдауға міндетті. Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма туралы ережеге сәйкес Басқарма мүшелері Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуына жауапты. Қоғамның ҚНК жетуін бағалау нәтижелері Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшеріне, көтермелеуіне, қайта сайлануына (тағайындалуына) немесе өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына әсер етеді.	Сақталады	
5.18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын белгілейді. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті атқарушы органның құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын анықтау үдерісінде басты рөл атқарады.	Директорлар кеңесінің Басқарма құрамын сайлауына қойылатын талаптар Қоғамның Жарғысында бекітілген. Директорлар кеңесі Басқарманың мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін (Басқарма Төрағасын қоспағанда), Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлауды және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды (Басқарма Төрағасын қоспағанда) айқындайды, Жалғыз акционердің саясатын ескере отырып, Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақылары мен еңбек ақысын төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау талаптарын белгілейді. Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма	Ішінара сақталады	Жалғыз акционердің 2018 жылғы 16 қарашадағы №34/18 шешімімен Қоғам Жарғысына компаниялардың бірінші басшысын тағайындау құзыретін Директорлар кеңесінен Жалғыз акционердің құзыретіне табыстау бөлігінде өзгеріс енгізілді.

		Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарманың өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Басқарма мүшелерінің (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін тоқтата алады. Директорлар кеңесі лауазымдар тізбесін, Атқарушы органның сабақтастық жоспарын және жеке даму жоспарларын бекітеді.		
5.19	Компанияның бірінші басшысы лауазымына кандидатура компанияның Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізбеге енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Президентімен немесе Президентінің Әкімшілігімен келісіледі.		Қолданылмайды	
5.20	Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі – қойылған ҚНК қол жеткізу. .	Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларын бекітті. Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Басқарма мүшелерінің, басқарушылық қызметкерлердің және басқа да қызметкерлердің уәждемелік ҚНК бекітеді, сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізеді.	Ішінара сақталады	Қоғамның басшы қызметкерлерінің 2021 жылғы ҚНК карталары Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 09 шілдедегі №160 шешімімен бекітілген. Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде ҚНК бекіту күнтізбелік жылдың басына дейін қамтамасыз етілуі тиіс (Еңбек ақысын төлеудің ауыспалы бөлігі (сыйақы) орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді орындауға байланыстырылады және күнтізбелік жылдың басына дейін анықталуы тиіс).
5.21	Атқарушы орган мүшелерінің Іскерлік әдеп кодексін бұзу жағдайлары атқарушы органның басшысымен Директорлар кеңесінің назарына жеткізілуі тиіс. Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзған атқарушы органның мүшесі кез келген басқа ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.	Қоғамда Әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) әрекет етеді. Кодекстің ережелері Қоғамның барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына тікелей қолданылады. Әдеп кодексіне сәйкес, Кодекстің қандай да бір ережелері немесе басқа да комплаенс рәсімдері, ішкі бақылау жүйелері бұзылған жағдайда аталған қызметкерлер жедел желі арқылы олар туралы дереу хабарлауға міндетті. Мұндай хабарламалар	Сақталады	

		қудалаудан қорғау кепілдігімен құпия және жасырын негізде жасалуы мүмкін. Есепті кезеңде Директорлар кеңесіне атқарушы органның тарапынан Әдеп кодексінің нормалары бұзылған оқиғалар туралы хабарлар түскен жоқ.		
5.22	Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді. Корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік қақтығыстарды ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай істерді Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.	Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің Төрағасы заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және олардың Қоғам қызметіне теріс әсерін барынша азайту бойынша шаралар қабылдайды және мұндай жағдайларды өз бетімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерге уақтылы хабарлайды.	Сақталады	
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит				
6.1	Қор мен Ұйымдарда тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылуы тиіс, ол Қор мен Ұйымдар өздерінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізетініне орынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және келесілерді қамтамасыз ету үшін Қор мен Ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы жасайтын ұйымдық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-әрекеттердің, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылады: - ұйым құнының өсуі, кірістілік және соған байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім;	Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Қоғамның барлық деңгейлерінде Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі – ТБКЖ) енгізу арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның келесі органдары мен бөлімшелерін қамтитын бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарумен ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару комитеті, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс-бақылаушы және басқа да құрылымдық бөлімшелер.. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы үздік жұмыс тәжірибелеріне компанияның бейімділігін көрсететін тиімді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын құжаттарды бекіткен.	Сақталады	

	- қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігі және компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу; - активтердің сақталуы және компания ресурстарын тиімді пайдалану; - қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және шынайылығы; - Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарының сақталуы; - алаяқтықтың алдын алу, негізгі және қосымша бизнес-үдерістерінің жұмыс істеуіне тиімді қолдау көрсету үшін тиісті ішкі бақылау мен қызмет нәтижелерін талдау.	Қоғам қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларын ескере отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде тәуекелдерді басқару рәсімдері үнемі жетілдіріліп отырады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін Қоғамның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына сәйкес Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) жыл сайын бағалайды. ІАҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) тиімділігін бағалауды Жалғыз акционермен келісу бойынша дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізеді, «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит» бөлімі. Сонымен қатар, үш жылда бір рет ТБКЖ тиімділігін тәуелсіз компания бағалайды. ТБКЖ келесі мақсаттарға қол жеткізуге орынды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған: 1) стратегиялық мақсаттар; 2) операциялық мақсаттар – ресурстарды тиімді және нәтижелі пайдалану, активтердің сақталуы; 3) шынайы есептілікті дайындау саласындағы мақсаттар; 4) қолданыстағы заңдар мен ішкі талаптарды сақтау саласындағы мақсаттар. Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Директорлар кеңесі, Басқарма және Қоғам басшылығы жоғарыдан жөн сілтеп отырады және шешім қабылдау кезінде ұзақ мерзімді құн, кірістілік және шешім қабылданғанына да, қабылданбағанына да байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерімге сүйенеді, басшылық бағынышты тұлғалардың тәуекелге бағытталған мінез-құлығын ынталандырады. Қоғам органдары отырыстарының күн тәртібіндегі әрбір мәселе тәуекелдерді талдаумен және белгіленген Тәуекел тәбетіне		

		сәйкестігімен қоса берілуі тиіс.		
6.2	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін осы жүйенің мақсаттарына негізделе отырып және Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы үздік жұмыс тәжірибесі мен әдістемесін ескере отырып айқындауы тиіс.	Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы үздік тәжірибелерге компанияның бейімділігін көрсететін, тиімді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын келесі құжаттарды бекітті: - Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ұсынымдарына сәйкес әзірленген Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты (Директорлар кеңесінің 04.11.2019ж. №145 шешімі); - «Самұрық-Қазына» АҚ контрагент банктерге лимиттерді белгілеу жөніндегі Корпоративтік стандартының негізінде әзірленген «Samruk-Kazyna Construction» АҚ контрагент банктерге лимиттерді белгілеу саясаты (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №149 шешімі); - Тәуекел тәбеті мен төзімділік деңгейлерін анықтау және мониторингілеу саясаты (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 04 маусымдағы №150 шешімі), ол Қоғамның жаңартылған Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатын ескере отырып, тәуекел тәбетін, төзімділік деңгейлерін есептеу әдістері мен тәртібін реттейді. - Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау жөніндегі нұсқаулық (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №44/2020 шешімі). Сондай-ақ Қоғамда келесі құжаттар әрекет етеді: - Тәуекелдер мен бақылау матрицасы (Директорлар кеңесінің 25.12.2019 жылғы №147 шешімі). - Қоғамның бақылау функцияларымен тәуекелдер мен бизнес-үдерістерді қамтуды көрсететін, сондай-ақ әртүрлі деңгейлердегі бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің жұмысын тиімдірек үйлестіруге мүмкіндік беретін	Ішінара сақталады	2021 жылы тәуелсіз кеңесшінің корпоративтік басқаруды диагностикалауы және 2021 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) бағалауы аясында келесі ұсынымдар берілді: - тізілімдегі тәуекелдерді нәтижелері бойынша емес, туындау себептері бойынша тұжырымдау мүмкіндігіне назар аудару мүмкіндігін қарастырған жөн, бұл оларды азайту үшін тиісті шараларды қалыптастыруға ықпал етеді; - Қоғамның сандық тәуекел тәбетін қалыптастыру мәселесін қарастырған жөн. Аталған ұсынымдар бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында қарастырылған (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 наурыздағы шешімі).

		кепілдіктер картасы (Директорлар кеңесінің 25.12.2019ж. №147 шешімі). - Қоғамның 2021 жылға арналған тізілімі және тәуекел картасы, жалпы тәуекел тәбеті, негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлері және негізгі тәуекел көрсеткіштері (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 09 қарашадағы №154 шешімі). - Қоғамның 2022 жылға арналған тізілімі және тәуекел картасы, жалпы тәуекел тәбеті, негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлері және негізгі тәуекел көрсеткіштері (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 05 қарашадағы №164 шешімі). Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үдерісі бойынша тұрақты түрде талқылаулар өткізеді, негізгі шешімдерді қабылдау үшін тәуекелге бағдарланған ортақ тәсілді белгілейді. Директорлар кеңесі тиісті емес мінез-құлық жағдайында бақылау бойынша нұсқаулар береді, сондай-ақ қажет болған жағдайда санкциялар қолданады. Іске асырылған тәуекелдер, қабылданған іс-шаралар, сондай-ақ әсер ету дәрежесі бойынша тәуекелдердің көші-қоны туралы ақпаратты қамтитын тәуекелдер туралы есептер тоқсан сайынғы негізде тыңдалады (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 04 наурыздағы №156, 2021 жылғы 30 сәуірдегі №157, 2021 жылғы 31 мамырдағы №158, 2021 жылғы 13 тамыздағы № 161, 2021 жылғы 26 қарашадағы № 165 шешімдері).		
6.3	Қордың және ұйымдардың атқарушы органдары тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және қолдауды қамтамасыз етуі тиіс. Тәуекелдерді басқару үдерісі жоспарлау үдерістерімен (стратегия мен даму жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалаумен (басқарушылық есептілік) біріктірілуі керек.	Тәуекелдерді басқару саясатында органдар мен бөлімшелердің функциялары белгіленген. Қоғам құнды құру, сақтау және өткізу кезінде тәуекелдерді басқару үшін сүйенетін мәдениет, құзыреттер, әдістер мен тәсілдер Қоғамның стратегиялық жоспарлаудан бастап тиімділікті басқаруға дейінгі барлық үдерістеріне біріктірілген. Қоғам қызметінің мақсаттары стратегиялық деңгейде айқындалады және операциялық мақсаттарды әзірлеу негізін орнатады. Стратегиялық	Сақталады	

		жоспарларды әзірлеу үдерісі сонымен қатар қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтау мен талдауды көздейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 09 қарашадағы №154 шешімімен бекітілген 2021 жылға арналған тәуекелдер тізілімі Қоғамның Бизнес-жоспарының негізгі бағыттарын ескереді. Қоғам жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды жүзеге асырады, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау негізінде тәуекелдер тізілімі мен картасы жасалады. Бұл ретте, жаңа тәуекелдер анықталған кезде немесе сонымен қатар ішкі және сыртқы нарықтың өзгерістеріне байланысты қазір бар тәуекелдердің мәртебесі өзгертілген кезде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері ұсынатын тәуекелдер туралы ақпарат түскеніне қарай тәуекелдер тізілімі мен картасы жыл ішінде қайта қаралуы немесе толықтырылуы мүмкін. 2021 жылдың соңында 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасына «Құрылысқа инвестиция салу шарты бойынша Құрылыс салушының міндеттемелерді өтеу мерзімдерін бұзу тәуекелі» тәуекел факторларының тізбесіне толықтыру енгізілді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы №165 шешімі). Көлденең коммуникацияны және ТБКЖ тиімді енгізуді қамтамасыз ету үшін Тәуекелдерді басқару комитеті жұмыс істейді, ол тәуекелдерді басқару бөлігінде, оның ішінде ағымдағы тәуекел жағдайын бағалау және мақсаттарға қол жеткізуді бағалау бойынша ұсыныстар әзірлейтін Қоғам Басқармасының жанындағы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады. Тәуекелдер туралы ақпарат Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептің шеңберінде ұсынылады, оған тәуекелдерді бағалау нәтижелері және тәуекелдің негізгі көрсеткіштерінің		

		мониторингі бойынша ай сайынғы есеп негізінде тәуекелдер тізілімі мен картасына өзгерістер кіреді. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелері елеулі тәуекелдер орын алған жағдайда дереу хабардар етіледі.		
6.4	Қордың және ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық маңызды тәуекелдерді анықтау, бағалау және мониторинг жүргізу рәсімдерінің міндетті түрде болуын, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді жүзеге асыруға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін, атқарушы орган жүргізетін тәуекелдер менеджментінің жоғары мәдениетіне негізделуі тиіс.	Қоғамның қызметі қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін арттыратын және олардың тәуекелдерді басқару бойынша жауапкершілігін арттыратын ішкі ортаны құруға бағытталған. Корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде 2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін танысу сессиясы, тәуекелді үйлестірушілер мен жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін оқыту өткізілді. Қоғамда тәуекелдерді басқару мәдениетін бағалау және өлшеу тетіктері бар: тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттарын білуге сауалнама және тестілеу жүргізу. Тәуекел мәдениетін өлшеу шеңберіндегі бағалау нәтижелері кейіннен Тәуекел мәдениетін жетілдіру жоспарында (Атқарушы орган жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті бекітеді) енгізілетін, оларды арттыуржетілдіру бойынша іс-шараларды анықтау үшін пайдаланылады. Осылайша, Тәуекелдерді басқару комитетінің 21.12.2021 жылғы шешімімен Қоғам қызметкерлері арасында сауалнама және тестілеу нәтижелері туралы есеп назарға алынды және Қоғамда тәуекел мәдениетін жетілдіру бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді (№ 12/21 хаттама).	Ішінара сақталады	2021 жылға арналған ІБЖ бағалау есебіне сәйкес есеп беру желілері, тиісті өкілеттіктер мен жауапкершіліктер толық қалыптаспаған, бекітілген нормативтік құжаттар негізгі бизнес-үдерістердің барлығында емес. Осыған орай, ІБЖ-ге Қоғамның барлық негізгі бизнес-үдерістері үшін жауапкершілік матрицасы мен бақылау матрицасын әзірлеу және бекіту бойынша ұсынымдар берілді.
6.5	Қор мен ұйымдарда үш негізгі бағыт бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, ресімдеу және құжаттандыру жасалуы тиіс: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.	Қоғамда жеке құрылымдық бөлімшелердің операциялық қызметі шеңберіндегі бизнес-үдерістердің картасы бар. Бұл карталардың аясында негізгі бизнес-үдерістер және операциялық үдерістер бойынша бақылау нүктелері толығымен жазылған. Қаржылық есептілік бөлігінде шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың Корпоративтік регламенті және бухгалтерлік есеп басқармасының қызметінің регламенті бар.	Ішінара сақталады	ІБЖ 2021 жылға арналған есебіне сәйкес Қоғамның Даму стратегиясы өзгергеннен кейін, ұйымдық құрылымдағы өзгерістерден кейін бекітілген нормативтік құжаттар негізгі бизнес-үдерістердің барлығында емес екені атап өтілді. Мысалы, бизнес-

		ҚР заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау бөлігінде Қоғам жұмысының барлық негізгі бизнес-үдерістері жазылған Қоғам жұмысының тәртібі бар. 2021 жылы Қоғам ұйымдық құрылымға өзгерістер енгізгендіктен, бизнес-үдерістер және бизнес-үдерістерге қатысты ішкі нормативтік құжаттар жаңартылды.		үдерістерді реттейтін және тиісті бақылау рәсімдерін белгілейтін саясаттар – инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша нормативтік құжаттар жаңартылған жоқ. Осыған орай, ІБЖ-ге Қоғамның негізгі бизнес-үдерістері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу және енгізу жұмысын, оның ішінде бақылау рәсімдерінің дизайнын аяқтау туралы ұсынымдар берілді.
6.6	Қор мен ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында ашық қағидаттар мен тәсілдер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту тәжірибесі, сондай-ақ қажетті ақпаратты анықтау, құжаттау және лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу үдерісі енгізілуі керек.	Қоғамда Жалғыз акционердің үлгі құжаттарына сәйкес айқын қағидаттар мен тәсілдер негізінде тәуекелдерді басқару саласын реттейтін ішкі құжаттар бекітілді. Қоғамда іске асырылған тәуекелдерді есепке алу үдерісі автоматтандырылды. Тәуекел мәдениетін қолдау және жетілдіру үшін қолданыстағы ТБКЖ-мен тәуекел иелері мен тәуекелді үйлестірушілерге (кем дегенде жыл сайынғы негізде) оқыту жүргізіледі. Сондай-ақ, 2021 жылдың 2-тоқсанында Тәуекелдерді басқару қызметі тәуекелдерді үйлестірушілерге оқыту өткізді. Жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін материалдар Қоғамның барлық қызметкерлерімен бірге танысуға жіберіледі. 2021 жылғы 10 маусымда Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу мәселелері бойынша лауазымға енгізу шеңберінде танысу сессиясы өтті.	Ішінара сақталады	2021 жылға арналған ТБКЖ бағалауы кезінде ІАҚ ішкі бақылаудың кемшіліктерін бағалау тәжірибесі қалыптаспағанын, ішкі бақылау жүйесіндегі жаңылуларды хабардар ету және болдырмау үшін байланыс арналары жоқ екенін, сондай-ақ ІБЖ жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмейтінін атап өтті. ІАҚ іске асырылған тәуекелдердің туындау себептеріне, атап айтқанда ІБЖ жаңылуы мен жұмыс істеуіне қатысты ақпаратты тәуекелдерді басқару есебіне енгізу бойынша ұсынымдар берді.
6.7	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Директорлар кеңесі айқындаған оны ұйымдастыру қағидаттары мен	Қоғамда келесі құжаттар бекітілді: - Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – «ТБКЖ әдістемесі»)	Ішінара сақталады	2021 жылға арналған ТБКЖ және ІБЖ бағалау есептеріне сәйкес, 2012 жылы бекітілген ТБКЖ және ІБЖ бағалау

	тәсілдеріне сәйкес келуіне және тиімді жұмыс істеуіне көзі жету үшін тиісті шараларды қабылдауы тиіс. Тәуекелдер туралы есептер тоқсанына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылуы және толық көлемде тиісті түрде талқылануы тиіс.	(ДК 22.11.2012ж. №68 хаттамасы); - Ішкі бақылау жүйесін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – ІБЖ әдістемесі) (ДК 22.11.2012ж. №68 хаттамасы №68 хаттамасы). 2021 жыл ішінде Қоғамның тәуекелдерді басқару туралы есептері Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің отырыстарында тұрақты негізде қаралды (2020 жылғы 4 тоқсандағы ДК 04.03.2021ж. №156 шешімімен бекітілген; 2021 жылғы 1 тоқсандағы ДК 31.05.2021ж. №158 шешімімен бекітілген; 2021 жылғы 2 тоқсандағы ДК 13.08.2021ж. №161 шешімімен бекітілген; 2021 жылғы 3 тоқсандағы ДК 26.11.2021ж. №165 шешімімен бекітілген). Тәуекелдер туралы есептің мазмұны Қоғамның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты шеңберіндегі тәуекелдер туралы есептердің мазмұнына қойылатын ең төменгі талапқа сәйкес келеді.		әдістемелері қазіргі уақытта ескірген. ТБКЖ бағалау дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді, «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит» бөлімі. ІАҚ 2021 жылға арналған ІБЖ бағалауды Жалғыз акционердің ұсынымы бойынша Аудит әлемі, Аудиторлық тексерулердің ұзақ мерзімді жоспары және 2021 жылға жүргізілген аудиторлық тексерулер нәтижелері негізінде жүзеге асырылды.
6.8	Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару тәжірибесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуы тиіс.	Бұл талап Қоғамның Жарғысында, ІАҚ туралы ережесінде бекітілген. ІАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды (ДК 14.09.2009ж. №9 хаттамасы). Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №142 шешімімен Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі алдағы 3 жылға ұзартылды.	Сақталады	
6.9	Қордағы және Ұйымдардағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше – ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы ұйымдарда ішкі аудит функциялары Бақылау кеңесіне функционалдық есеп беретін тексеру комиссиясына/ревизорға жүктелуі тиіс; бұл ретте тексеру комиссиясының/ревизордың мақсаттары, функциялары мен міндеттері, оның Ұйым органдарымен өзара әрекеттесу тәртібі осы	Қоғамда ІАҚ жұмыс тәртібін, мәселелерін, функцияларын, құқықтарын, біліктілік талаптары мен міндеттерін, сондай-ақ ІАҚ-ның Компания Басқармасымен өзара әрекеттесуін бекітетін ІАҚ туралы ереже бар (ДК 17.05.2018ж. №132 хаттамасы, 31.07.2019 ж. №143 өзгертулермен). Функционалды түрде ІАҚ Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.	Сақталады	

	Кодексте ішкі аудит қызметіне қатысты баяндалған қағидаттарды ескере отырып белгіленуі тиіс). ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершілігі, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсібилігіне қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ереже) белгіленуі тиіс. ІАҚ туралы ереже Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптарын ескере отырып әзірленуі және бекітілуі тиіс.			
6.10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен адалдығын қамтамасыз ету үшін ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық бағынышты және функционалдық жағынан есеп беруі керек. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметінің жоспарлары мен стратегиясын, ІАҚ бюджетін бекіту туралы шешімдер қабылдайды, ІАҚ қызметкерлерінің сандық құрамын, еңбек ақысын төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілейді.	Жарғыға, ІАҚ туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесіне тікелей бағынады, қызметі туралы есепті Директорлар кеңесіне ұсынады. Қоғамның Директорлар кеңесі ІАҚ жылдық аудит жоспарларын бекітеді және бұл бекіту ресми сипатта емес. Қоғамның Директорлар кеңесі ІАҚ қызметкерлерін тағайындауды бекітеді, ІАҚ қызметкерлерінің сандық құрамын, еңбек ақысын төлеудің және сыйлықақы берудің мөлшері мен талаптарын айқындайды, сондай-ақ ІАҚ сыйақысының құрылымы мен мөлшерін бекітеді (ІАҚ ҚНК орындалуын қарау шеңберінде). ІАҚ бюджеті Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында қаралады. 2019-2021 жылдарға арналған ІАҚ стратегиялық даму жоспары Директорлар кеңесінің отырысында бекітілді (ДК 31.07.2019ж. №143 хаттамасы), оның аясында 2020-2022 жылдарға арналған аудиторлық тексерулердің ұзақ мерзімді жоспары бекітілді. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарында Директорлар кеңесінің ІАҚ басшысымен жабық кездесулері жыл сайын жоспарланады. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 тамыздағы №162 отырысының күн тәртібіне сәйкес Ішкі аудит	Сақталады	

		қызметінің Директорлар кеңесінің мүшелерімен жабық кездесуі өтті.		
6.11	Ұйымдардағы ІАҚ басшысы Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттары негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеуі және олардың Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінде қаралуын және бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс.	Қоғамның ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттарды Қордың корпоративтік стандарттарына сәйкес ІАҚ басшысы әзірлейді және Директорлар кеңесі бекітеді. Осылайша, Қоғамда әрекет ететіндер: 1) Жаңа редакциядағы ІАҚ туралы ереже (ДК 17.05.2018ж. №132 хаттамасы, 31.07.2019ж. №143 өзгертулермен); 2) Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыру қағидалары (ДК 17.05.2019ж. №142 хаттамасы); 3) Ішкі аудит қызметі мен оның басшысы жұмысының тиімділігін бағалау әдістемесі (ДК 24.09.2012ж. №66 хаттамасы).	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалау қорытындысы бойынша тәуелсіз кеңесшінің ұсынымдарына сәйкес келесілер ұсынылды: - әрбір жылдық аудиторлық жоспарға ішкі және/немесе сыртқы сарапшыларды тарта отырып, алаяқтықты тергеу саласындағы аудиттерді және тиісті ІАҚ оқытуын өтумен АТ аудиттерін қосу; - 1000 стандартының талабы бойынша ІАҚ туралы ережеге жыл сайынғы негізде өзгертулер енгізу қажеттілігін қарастыру. Бұл іс-шаралар бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына енгізілді.
6.12	ІАҚ Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспары негізінде жұмыс істейді. Аудиторлық есептердің нәтижелері және негізгі табылулар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.	Жылдық аудит жоспарын жоспарлау кезінде ІАҚ Қоғамның тәуекелдер картасын және тізілімін, Директорлар кеңесі мүшелерінің тілектерін, Қоғам басшылығының ескертулерін ескереді, сондай-ақ тәуекелдерге өзіндік талдау жүргізеді. ІАҚ жүргізілген аудиттер туралы есептерді Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын ұсынады.	Сақталады	
6.13	ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі аудит саласындағы жалпы қабылданған қызмет стандарттарын және корпоративтік стандарттарды және корпоративтік басқаруды бағалау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау саласындағы Қордың ұсынымдарын пайдалана	2021 жылы корпоративтік басқаруды бағалауды «PricewaterhouseCoopers» ЖШС тәуелсіз компаниясы жүргізді, нәтижесінде Қоғамға 2018 жылдың деңгейіне сәйкес рейтинг берілді. 2021 жылы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды Ішкі аудит	Сақталады	

	отырып, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды, корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізуі тиіс.	қызметі жүргізді.		
6.14	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметін міндетті ішкі және сыртқы бағалауды көздейтін сапаға кепілдік беру және оны арттыру бағдарламасын әзірлеуі және қолдауы керек.	Ішкі аудиттің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы аясында 2021 жылы Ішкі аудит қызметімен ішкі өзін-өзі бағалау жүргізілді. Нормативтік құжатқа сәйкес сыртқы бағалаудың мерзімділігі 5 жылда бір рет: соңғы сыртқы бағалау 2017 жылы жүргізілді және ІАҚ келесі сыртқы бағалауы 2022 жылдың соңына жоспарланған. ІАҚ, оның басшысы мен қызметкерлерінің жұмысын бағалауды ІАҚ есептерін қарау негізінде Директорлар кеңесі тоқсан сайын жүзеге асырады. Одан кейін ІАҚ және оның Басшысының тоқсан сайынғы ҚНК «Компанияның Директорлар кеңесінің тарапынан ІАҚ тоқсандық және жылдық есептерімен қанағаттану дәрежесі» бағалауы шығарылады. Ішкі аудит қызметінің сапасының кепілдігі және оны арттыру бағдарламасы 2019 жылғы 30 желтоқсанда Ішкі аудит қызметінің басшысымен бекітілген.	Сақталады	
7. Ашықтық				
7.1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор және ұйымдар өз қызметінің барлық маңызды аспектілері, оның ішінде қаржылық жағдай, қызмет нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы және шынайы түрде ашады.	Қоғам туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген, 08.11.2019ж. №146 өзгертулері мен толықтырулары бар Ақпаратты ашу саясатына және Қоғам Басқармасының 12.09.2019ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.	Сақталады	
7.2	Қор және ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы ашып көрсетеді. Қорда және ұйымдарда ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, сондай-	Қоғам туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген, 08.11.2019ж. №146	Сақталады	

	ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпарат тізбесін айқындайтын ішкі құжаттар бекітілуі тиіс. Қор және ұйымдар ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар шеңберін айқындайды және оның құпиялылығын қорғау шараларын қабылдайды.	өзгертулері мен толықтырулары бар Ақпаратты ашу саясатына және Қоғам Басқармасының 12.09.2019ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.		
7.3	Акциялары немесе облигациялары қор биржасында сауда-саттықта бар қор, компания және ұйымдар өздерінің интернет-ресурстарында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалған, аудиттен өткен жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ ХҚЕС сәйкес дайындалған бірінші тоқсанға, жарты жылға және есепті кезеңнің алғашқы тоғыз айына арналған қаржылық есептілікті уақтылы орналастыруы тиіс. Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарынан басқа, қор биржасында акциялары немесе облигациялары сауда-саттықта бар Қордың, компаниялар мен ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашу ұсынылады.	Корпоративтік басқару кодексінің белгіленген мерзімдеріне сәйкес, Қоғам есепті кезең аяқталған сәттен бастап 60 күн ішінде интернет-ресурста шоғырландырылған қаржылық есептілікті тоқсан сайынғы негізде орналастырады. Жылдық аудиттелген қаржылық есептілік Қоғамның интернет-ресурсында Жалғыз акционердің 2021 жылдың мамырында жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы шешімінің үзінді көшірмесін алғаннан кейін орналастырылған.	Сақталады	
7.4	Қор және ұйымдар бөгде тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің шынайылығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы адал пікір беретін тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептілікке жыл сайын аудит жүргізуі тиіс. Егер жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделген болса, жылдық аудит бөлігіндегі нормалар қолданылады.	Қоғам тәуелсіз және білікті аудиторды (E&Y) тарту арқылы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді. Шартқа 16.06.2020ж. № ECU-2020-00074 қол қойылды (қызметтер көрсету мерзімі – 3 жыл). Сыртқы аудиторды таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 27.12.16ж. №46/16 шешімімен бекітілген меншік немесе сенімді басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес	Сақталады	

		ашық конкурс негізінде жүзеге асырылды. Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде Директорлар кеңесінің Төрағасы және тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі (дауыс беру құқығы жоқ) және қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі (дауыс құқығы жоқ) комиссия құрамына кірді. Сыртқы аудитор туралы ақпарат веб-сайтта, сондай-ақ Жылдық есепте ашылады.		
7.5	Акциялары қор биржасында сауда-саттықта бар Қор, Компаниялар мен Ұйымдар осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес жылдық есептілікті дайындауы тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.	Қоғам жыл сайынғы негізде мүдделі тараптардың кең ауқымына арналған жылдық есепті дайындайды. Қоғамның жылдық есебі Қоғам Басқармасының 12.09.2019 жылғы №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес қалыптастырылады. Қоғам Басқармасының Төрағасы құрылымдық бөлімшелердің жылдық есептілікке ақпарат дайындау және ұсыну жөніндегі мерзімін, тәртібі мен жауапкершілігін, оны келісу және бекіту тәртібін айқындайтын Жоспар-кестені бекітеді. Қоғамның Жарғысына сәйкес Жылдық есеп Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. 2020 жылға арналған жылдық есеп Директорлар кеңесінің 30.04.2021ж. №157 шешімімен бекітілді және Қоғамның веб-сайтында жарияланды. Жылдық есеп мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.	Ішінара сақталады	Корпоративтік басқаруды диагностикалауы аясында тәуелсіз кеңесші неғұрлым болжамды және «стратегияға негізделген», сонымен қатар стратегия мен тәуекелдер, ҚНК, бизнес үлгісі, нарық үрдістері және де ESG стратегиясы арасындағы нақты байланысты көрсететін есепке ауысу мүмкіндігін қарастыру бойынша ұсынымдар берді. Бұл іс-шара бекітілген Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында бекітілді.

7.6	Интернет-ресурс жақсы құрылымдалған, навигацияға ыңғайлы және мүдделі тараптардың Қор мен ұйымдардың қызметін түсінуі үшін қажетті ақпаратты қамтуы тиіс.	1) Қоғамның интернет-сайтында озық тәжірибеде қарастырылған ақпараттың маңызды бөлігі бар. Негізгі ақпарат қазақ, орыс тілдерінде орналастырылған. 2) Интернет-ресурс қажеттілігіне қарай үнемі жаңартылып отырады. 3) Қоғамның барлық іс-шаралары мен маңызды корпоративтік оқиғалары баспасөз мәлімдемелерін шығарумен бірге жүреді. 4) Қоғамның веб-сайтында ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №111 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу саясатына және Қоғам Басқармасының 12.09.2019ж. №38/2019 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. 5) Қоғамның интернет-сайтының Корпоративтік басқару кодексіне сәйкестігі туралы есеп Қоғам Басқармасының 23.09.2021ж. №27/2021 отырысында қаралды. 6) 2021 жылғы Ашықтық туралы есеп 14.12.2021ж. Басқарма отырысында қаралды және назарға алынды (№35/2021 хаттама). 7) Қоғам Басқармасының 30.12.2021ж. шешімімен (№38/2021 хаттама) Қоғамның интернет-сайтының сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, онда келесі іс-шаралар көзделген: - ұқсас индустриядағы компаниялардың халықаралық корпоративтік веб-сайттарының дизайны мен құрылымына салыстырмалы талдау жүргізу, - веб-сайттың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын бір мезгілде аудару және жаңарту бойынша бақылау рәсімдерін енгізу. - веб-сайттағы ақпараттың толықтығын, дұрыстығын және өзектілігін қамтамасыз ету бойынша бақылау рәсімдерін орнату; - кері байланыс алу және пайдаланушылардың веб-	Сақталады частично	Корпоративтік басқаруды диагностикалау аясында тәуелсіз кеңесші акционер, инвесторлар мен клиенттер үшін навигация ыңғайлылығы тұрғысынан Қоғамның корпоративтік веб-сайтының интерфейсін жаңарту мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ тең дәрежеде ағылшын тілінде берілген барлық тиісті ақпарат бар веб-сайттың ағылшын тіліндегі нұсқасын жасау бойынша ұсынымдар берді. Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022-2023 жылдарға арналған жоспарында ұқсас индустриядағы компаниялардың халықаралық корпоративтік веб-сайттарының дизайны мен құрылымына салыстырмалы талдау жүргізуге, кері байланыс алуға және пайдаланушылардың веб-сайттың ақпараттық мазмұны мен дизайнына қанағаттану дәрежесін бағалауға, веб-сайттың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын бір мезгілде аудару және жаңарту

		сайттың ақпараттық мазмұны мен дизайнына қанағаттану дәрежесін бағалау, алынған пікірлермен жұмысты жасауды кейін бақылау. Алынған кері байланыс негізінде барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, Қоғамның веб-сайтының әрбір бөлімінің мазмұнын жаңарту.		бойынша бақылау рәсімдерін енгізуге қатысты іс-шаралар жоспарланды.

Қысқартулар тізімі:
ЖЕ – Жылдық есеп
ЕТҰ – Еншілес тәуелді ұйымдар
ІАҚ – Ішкі аудит қызметі
ДК – Директорлар кеңесі
ІБЖ – ішкі бақылау жүйесі
ТБКЖ – Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
КБ – корпоративтік басқару
Қор/Жалғыз акционер/ЖА – «Самұрық-Қазына» АҚ
Қоғам/Компания - «Samruk-Kazyna Construction» АҚ